



ШВЕЙЦАРИЯ

ОРЫНДАҒАН: Ш-13 ТОБЫНЫҢ

БІЛІМ АЛУШЫСЫ

УТЕГУЛОВА АСЕМ

• **ШВЕЙЦАРИЯ** (НЕМ. *DIE SCHWEIZ*, ФР. *SUISSE*, ИТАЛ. *SVIZZERA*, РОМШ. *SVIZRA*), РЕСМИ АТАУЫ —

ШВЕЙЦАРИЯ

КОНФЕДЕРАЦИЯСЫ (НЕМ. *SCHWEIZERISCHE*

EIDGENOSSENSCHAFT, ФР. *CONFÉDÉRATION*

SUISSE, ИТАЛ. *CONFEDERAZIONE*

SVIZZERA, РОМШ. *CONFEDERAZIUN SVIZRA*) — ОРТАЛЫҚ

ЕУРОПАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ.

СОЛТҮСТІГІНДЕ ГЕРМАНИЯМЕН,

БАТЫСЫНДА ФРАНЦИЯМЕН,

ОҢТҮСТІГІНДЕ ИТАЛИЯМЕН,

ШЫҒЫСЫНДА АУСТРИЯ ЖӘНЕ ЛИХТЕНШТЕЙНМЕН ШЕК

ТЕСЕДІ.

- ХАЛҚЫ 7,3 МЛН. (2001), ОНЫҢ 65,6%-Ы — НЕМІС ТІЛДІ ШВЕЙЦАРЛАР, 22,8%-Ы — ФРАНЦУЗ ТІЛДІ ШВЕЙЦАРЛАР, 8,4%-Ы — ИТАЛИЯН ТІЛДІ ШВЕЙЦАРЛАР, 0,6%-Ы — РЕТОРОМАНДЫҚТАР^[1]. ДІНГЕ СЕНУШІЛЕРДІҢ 50%-Ы [КАТОЛИКТЕР](#), 48%-Ы ПРОТЕСТАНТТАР.
- АСТАНАСЫ — [БЕРН](#) ҚАЛАСЫ. НЕГІЗГІ ҚАЛАЛАРЫ: [ЦЮРИХ](#), [ЖЕНЕВА](#), [ЛОЗАННА](#), [САНКТ-ГАЛЛЕН](#), [БАЗЕЛЬ](#).

- ШВЕЦАРИЯ — ФЕДЕРАТИВТІК ПАРЛАМЕНТТІК РЕСПУБЛИКА. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ — [ПРЕЗИДЕНТ](#), ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАНЫ — ЕКІ ПАЛАТАЛЫ ФЕДЕРАЛДЫҚ ЖИНАЛЫС (ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ПЕН КАНТОНДАР КЕҢЕСІ). МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ — [НЕМІС](#), [ФРАНЦУЗ](#), [ИТАЛИЯН](#) ТІЛДЕРІ. ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМЫ — КОНФЕДЕРАЦИЯНЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНҒАН КҮН, 1 ТАМЫЗ ([1291](#)).
- ШВЕЙЦАРИЯ — [ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМНЫҢ](#), [ЕУРОПАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ](#) ([1963](#)), 2004 ЖЫЛЫ [ШЕНГЕН КЕЛІСІМІНІҢ](#) МҮШЕСІ. АҚША БІРЛІГІ — [ШВЕЙЦАРИЯ ФРАНКИ](#).

- *ШВЕЙЦАРИЯ* – таулы ел, көпшілік бөлігі Альпі таулары аумағында орналасқан (ел аум-ның 60%-ын құрайды). Оңтүстігінде Пеннин Альпісі, Лепонтин, Ретийя Альпісі мен Бернин Массиві орналасқан. Бұл таулар бір-бірінен жоғарғы рона мен алдыңғы Рейннің терең көлденең Аңғарлары арқылы бөлінген. Негізінен кристалдық жыныстардан қалыптасқан биік, тегіс емес, қармен жабылған таулар терең Шатқалдармен бөлшектенген.

- ТАУЛАРДЫҢ БАСЫНДА КӨПТЕГЕН ФИРНДІК АЛАҢДАР МЕН [МҰЗДЫҚТАР](#) БАР (ЕЛ АУМ-НЫҢ 10%-Ы). НЕГІЗГІ [АСУЛАРЫ](#) ([ҮЛКЕН СЕН-БЕРНАР](#), [СИМПЛОН](#), [СЕН-ГОТАРД](#), [БЕРНИНА](#)) 2000 М-ДЕН БИІК ОРНАЛАСҚАН. СОЛТҮСТІК ПЕН СОЛТҮСТІК-БАТЫСҚА ҚАРАЙ [АЛЬПИ](#) АЛАСАРА ТҮСІП, МҰЗДЫҚТАР СИРЕЙ БАСТАЙДЫ. [АЛЬПИДЕН](#) СОЛТҮСТІК-БАТЫСҚА ҚАРАЙ ЕЛ АУМ-НЫҢ 1/3-ІНЕ ЖУЫҒЫН АЛЫП ЖАТҚАН ШВЕЙЦАРИЯ ҚЫРАТЫ ОРНАЛАСҚАН. ОЛ 1000 — 1200 М-ДЕН 400 М-ГЕ ДЕЙІН АЛАСАРАДЫ ([РЕЙН](#) МЕН [ААРЕ](#) ӨЗЕНДЕРІНІҢ АҢҒАРЛАРЫ). МҰНДА ЕЛ ХАЛҚЫНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ШОҒЫРЛАНҒАН, ІРІ ҚАЛАЛАР МЕН ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҚТАРЫ ОРНАЛАСҚАН. СОНДАЙ-АҚ МҰНДА ЕҢ ҚҰНАРЛЫ А. Ш. ЖЕРЛЕР МЕН ЖАЙЫЛЫМДАР БАР. ЕЛДІҢ СОЛТ.-БАТЫСЫНДА ҚАТПАРЛЫ ЮРА ТАУЛАРЫ (ШВЕЙЦАРИЯ ШЕГІНДЕГІ ЕҢ БИІК ЖЕРІ — [МОН-ТЕНДР](#) ТАУЫ — 1679 М) ЖАТЫР.

- ШВЕЙЦАРИЯ - ТЕҢІЗГЕ ШЫҒУСЫЗ ЕЛ, АУМАҒЫ ҮШ ТАБИҒИ АЙМАҚҚА ЖІКТЕЛЕДІ:
- СОЛТҮСТІГІНДЕГІ [ЮРА](#) ТАУЛАРЫ,
- ОТРАЛЫҒЫНДАҒЫ [ШВЕЙЦАРИЯ ҮСТІРТІ](#),
- ОҢТҮСТІГІНДЕ ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ 61% ЖЕРІН АЛАТЫН [АЛЬПИ](#) ТАУЛАРЫ.
- ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ ЕҢ БИІК НҮКТЕСІ [ПЕННИН АЛЬПІСІНДЕ](#) ОРНАЛАСҚАН — [ДЮФУР ШЫҢЫ](#) (4634 М), ЕҢ АЛАСА НҮКТЕСІ — ЛАГО-МАДЖОРЕ ӨЗЕНІ — 193 М.
- ШВЕЙЦАРИЯДА ЕУРОПАНЫҢ ТҰЦЫ СУДЫҢ 6% ОРНАЛАСҚАН. ЕҢ ІРІ ӨЗЕҢДЕРІ - [РОНА](#), [РЕЙН](#), [ЛИММАТ](#), [ААРЕ](#).

- ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ ЕҢ ІРІ ОН КӨЛІ:
- [ЖЕНЕВА КӨЛІ](#) (582,4 км²)
- [БОДЕН КӨЛІ](#) (539 км²)
- [НЁВШАТЕЛЬ КӨЛІ](#) (217,9 км²)
- [ЛАГО-МАДЖОРЕ](#) (212,3 км²)
- [ФИРВАЛЬДШТЕТ КӨЛІ](#) (113,8 км²)
- [ЦЮРИХ КӨЛІ](#) (88,4 км²)
- [ЛУГАНО](#) (48,8 км²)
- [ТУН](#) (48,4 км²)
- [БИЛЬСК КӨЛІ](#) (40 км²)
- [ЦУГСК КӨЛІ](#) (38 км²)

